

## **«Жаңажылдық ертегі» балалар әдеби шығармашылығының облыстық қашықтық конкурсын өткізу туралы ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1 «Жаңажылдық ертегі» тақырыбына авторлық шығармалар конкурсы (бұдан әрі — Конкурс) - шығармашылық жарыс.

#### **1.2. Қатысушылар**

Конкурсқа 8 жастан 17 жасқа дейінгі жалпы білім беретін мектептердің оқушылары, қосымша білім беру ұйымдары балалар шығармашылық бірлестіктерінің тәрбиеленушілері қатыса алады.

### **2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері**

2.1 Мақсаты: шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, шығармашылықты және ойлау ерекшелігін дамыту.

#### **2.2 Міндеттері:**

- балалар мен жасөспірімдердің көркем шығармашылыққа қызығушылығын арттыру;
- рухани құндылықтар мен адамгершілік-эстетикалық өмірлік ұстанымдарды тәрбиелеу;
- мейірімділік, әділеттілік, гуманизм және басқа да жағымды жалпыадамзаттық қасиеттерді тәрбиелеу.

### **3. Конкурсты ұйымдастырушы**

3.1. Конкурстың ұйымдастырушысы - М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы

### **4. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар**

4.1 Жұмыстарды ресімдеу. Жұмыстар электронды түрде қабылданады. Өзі шығарған ертегісі Microsoft Office Word бағдарламасында орындалады, шрифт-Times New Roman, шрифт кеглі 14, интервал-1,5. Көлемі баспа мәтінінің екі бетінен (А-4 форматында) артық емес. Титулдық парақта автор туралы ақпарат орналастырылуы тиіс: Т.А.Ә., жасы, сыныбы, мектебі, қаласы/ауданы, телефоны; мұғалімнің, жетекшінің немесе ата-ананың Т. А. Ә., электрондық мекенжайы және телефоны.

Конкурстық жұмыспен бірге төлем туралы сканерленген түбіртек жіберіледі.

4.2 Автордың шығармашылық жұмысы бұрын жарияланбауы және осындай конкурстарға қатыспауы тиіс. Эссе жазылған күнді көрсетіңіз.

### **5. Конкурсты өткізу ережелері**

5.1. Конкурс қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

5.2. Конкурс екі жас санатында өткізіледі:

- кіші жас санаты: 8-12 жас;
- жоғары жас санаты: 13-17 жас.

5.3. Конкурсқа қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады.

5.4. Жұмыстар мен телемақы [tanu\\_suvorova@mail.ru](mailto:tanu_suvorova@mail.ru) поштасына жіберіледі

5.5. Конкурсқа тек авторлық жұмыстар қатыса алады. Бөтен жұмыстарды иемденуге, олардың бөліктерін өзгертуге немесе көшіруге тыйым салынады.

5.6. Адам құқықтарын бұзатын, жарнамалық сипаттағы, жалпыға бірдей қабылданған мораль нормаларын көрсететін не бұзуға шақыратын жұмыстар конкурсқа қатысуға қабылданбайды.

5.7. Қатысушы конкурсты өткізу қағидаларын бұзған жағдайда Ұйымдастырушы оған конкурсқа қатысудан бас тарта алады.

5.9. Ұйымдастырушы алынған жұмыстарды коммерциялық емес пайдалану құқығын өзіне қалдырады. Конкурстық жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

## **6. Конкурсты өткізу мерзімдері**

6.1. Бірінші кезең: конкурстық жұмыстарды қабылдау-2020 жылғы 19-29 желтоқсан

6.2. Екінші кезең: конкурстың қазылар алқасының жұмысы-30-31 желтоқсан 2020 жыл

6.3. Конкурс жеңімпаздарының жұмыстары «Сенің әлемің – Твой мир» газетінде жарияланады.

## **7. Шығармашылық жұмыстарды бағалау критерийлері**

- тақырыпты ашу,
- өзіндік ерекшелігі,
- мазмұндылығы,
- сюжеттің логикалық құрылысы,
- мәнерлілік және бейнелілік,
- сауаттылық,
- жанрға сәйкестік.

## **8. Конкурса қатысушыларды марапаттау тәртібі**

8.1. Жеңімпаздар әр жас санаты бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

8.2. Жеңімпаздардың электрондық дипломдары, сертификаттар мен алғыс хаттар Оқушылар сарайының ресми сайтында орналастырылады <http://www.dshk.kz/>

## **9. Конкурса қатысу үшін 500 (бес жүз) теңге жарна енгізу қажет.**

**Төлем мынадай деректемелер бойынша жүргізіледі:**

Павлодар облысы әкімдігі,  
Павлодар облысы білім басқармасының,  
«М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
Павлодар қаласы, 1 Май көшесі, 27  
БСН 990240004211  
ЖСК KZ18914072203KZ009LN  
«Сбербанк» АҚ ЕБ Банкі  
БИК SABRKZKA  
Кбе 16

(Міндетті түрде **КОНКУРС** деп көрсету керек)

**Байланыс телефоны:** 8 (775)-889-46-52

Конкурс үйлестірушісі: М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері Суворова Татьяна Владимировна.